

НАУҚАН ЕРЕЖЕЛЕРІ

Бензинге арналған жарнамалық науқанға («Науқан») қатысу ережелері «PetroRetail» ЖШС («Ұйымдастырушы») мен Науқанға қатысушы арасындағы келісім болып табылады. Науқанға қатысу арқылы қатысушы Науқанға қатысудың осы ережелеріне («Ережелер») <https://qazaqoil.kz/> сайтында («Ұйымдастырушының сайты») орналасқан келісімге келіседі.

1. Жалпы ережелер:

1.1. Ұйымдастырушы: «PetroRetail» ЖШС, орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Тұран даңғылы, 1 үй.

1.2. Науқан өткізілетін мерзім: 2025 жылғы 23 ақпаннан бастап 2025 жылғы 30 сәуірге дейін, әр жексенбіде

1.3. Науқан өткізілетін қалалар: Қазақстан Республикасы

2. Науқанға қатысушы

2.1. Науқанға қатысып, сондай-ақ тіркелу кезінде кез келген ақпаратты (оның ішінде Vlife мобильді қосымшасында) және басқа да тәсілдермен, оның ішінде жеке деректер болып табылатын ақпаратты ұсыну арқылы, Қатысушы Науқанды бақылау, оның шарттарын орындау, жарнамалық, маркетингтік және жаңалықтар бюллетендерін жіберу, сондай-ақ маркетингтік мақсаттардағы басқа да тікелей байланыстарды жүзеге асыру мақсатында Ұйымдастырушыға және оған уәкілеттік берілген үшінші тұлғаларға ақпарат жинауға, сақтауға, беруге және өңдеуге келісім береді. Келісім осы деректерді Ұйымдастырушыға берген сәттен бастап және қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен осы келісімді кері қайтарып алған сәтке дейін қолданылады.

3. Науқанның сипаттамасы

Осы Ережелерге сәйкес Қатысушы осы Ережелерде көзделген барлық шарттар орындалған жағдайда Vlife қосымшасында бензиннің әрбір литрінен 4 ұпай есептеледі.

4. Науқанға қатысу шарттары:

Науқанға қатысу үшін Қатысушыға жексенбі күні Tulpar-92, Tulpar-95, Tulpar-98 бензинін сатып алу және ұпайларды есептеу үшін жанармай құю станциясының кассасында Vlife QR ұсыну қажет;

4.2. Ешбір жағдайда Ұйымдастырушы жеңілдікті немесе ұпайды ақшалай сомадағы баламаға ауыстыруды жүзеге асырмайды.

Осы Ереже Науқанның ресми құжаты болып табылады.